

Данг Тхюи Чам

**СОФЫСТАФЫ  
ДЭРІГЕРДІЦ  
КҮНДЕЛІГІ**



**Данг Тхюи Чам**

СОҒЫСТАҒЫ  
ДӘРІГЕРДІҢ  
КҮНДЕЛІГІ

ӘОЖ 355/359  
КБЖ 68.49(4/8)  
C59

C59      **Рұстемов Б.  
СОҒЫСТАҒЫ ДӘРІГЕРДІҢ КҮНДЕЛІГІ.**  
Вьетнам қызы Данг Тхюи Донг Чам туралы/  
Б. Рұстемов. – Астана: «Полиграф-мир баспасы,  
2015. – 312 бет.

**ISBN 978-601-7121-64-8**

Кітап вьетнам қызы Данг Тхюи Чам туралы. Ол Вьетнам қаһарманы. Американдық басқыншылыққа қарсыласу соғысында ерлікпен қаза болған. Қайырымсыз соғыс туралы жазып жүрген «Күнделігімен», өзінің қатал ақыратыменен мындаған вьетнамдық оқырмандардың жүректерін жаулап алды. Кітап 40-тан астам тілге аударылған. Енді қазақ оқырманына арналып отыр.

ӘОЖ 355/359  
КБЖ 68.49(4/8)

**ISBN 978-601-7121-64-8**

© Рұстемов Б., 2015

## **Алғы соң**

Вьетнамға алғаш рет 2012 жылдың ақпан-наурыз айларында жолым түсті. Бұл елге Вьетнам мемлекетінің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі By The Хиеп мырзаның арнайы шақыруымен барған болатынын. Сондағы өткізген он күнде елдің солтүстігіндегі астанасы Ханойдан бастап оңтүстігіндегі Хошимин қаласына дейін аралап шығу бақытына ие болдым.

Аралықтағы елді-мекендерге аялдап, сол елдің жергілікті мемлекет басшыларымен, ақын-жазушыларымен, әнші-композиторлерімен, суретші- мүсіншілермен, мектеп оқушылары және университет студенттерімен жылы жүзді әрі қызықты кездесулер өтті. Арапарынан жер бетінде қазақ деген халық, Қазақстан Республикасы атты мемлекет бар екенін бірінші рет естіп, біліп отырғандары кездесті.

Сондықтан да мен вьетнамдықтармен әр кезде суде еліміз бен халқымыз, тарихымыз бен ұлттық дәстүрлеріміз, тәуелсіздік пен егемендігіміздің арқасында қол жеткізіп жатқан табыстарымыз туралы әңгімелегенде олардың Қазақстанымызға деген қызуышылығы артып, «Бір барып көру керек екен!» – деген құштарлықтары да оянды. Вьетнам халқының

қонақжайлышына, ықыласы мен достық пейілдеріне бөлендім, мұны мен туған Отаным – Қазақстанымныңabyroyы мен беделіне көрсетілген құрмет сезімдері деп қабылдадым.

Вьетнамда елу төрт ұлттың басын құраған тоқсан миллионға жуық халық тұрады деп есептеледі.. Бірақ та ұлттық құрамы одан да көп деген жорамалдар да бар. Дүниежүзілік «Ethnologue» – «Этнолог: Языки мира» («Этнолог: Әлем тілдері») зерттеу орталығының ақапараты деректеріне сүйенсек, онда Вьетнамда 103 тіл қолдаланылады делінген. Сондай-ақ Вьетнам халықтары мәдениетінің дамуына буддизм мен конфуциандық ағымдар елеулі әсер еткендігін де аңғару қыын емес.

Мен үшін осы елде мұсылман-вьетнамдықтарды тапқаным ерекше таңқаларлық жай болды. Бұл тек бір мен ғана ашқан жаңалық емес екенін де білемін. Өйткені негізінде вьетнамдықтар Буддаға сыйынады. Сондықтан елді-мекендеріндегі мешіттеріне арнайы бас сұғып, екі халықтың – қазақ пен вьетнамның – достығы нығая берсін деген тілекпен Құран бағыштауды парызыым санадым.

Қазақстанға жаңа Елші Нгуен Ван Хоа мырза келді. Ол кісі мені елінің тәуелсіздік мерекесіне орай Елшілікке арнайы мейман ретінде қонаққа шақырды. Кездесу барысында Елші мырза әңгіме арасында маған: «Елдерінізде жазушылар көп, дегенмен сізге бір қолқа салсам айып етпессіз деп білемін. Сіз бірқатар шетел қаламгерлерінің кітаптарын қазақ тіліне аударып халқынызды сол елдердің мемлекеттік

құрылымдарымен, халықтарының түрмис-тіршілігімен, тарихы және мәдениетімен таныстыруда тынымсыз еңбек етіп жүрсіз. Бұл туралы естіген де едім – деп бір кітапты ұсына отырып, оны қазақ тіліне аударуым туралы өтінішін білдірді.

Кітапты қолға алып оқи бастағаннан-ақ міндепті түрде аудару керек деген ойға бекіндім. Себебі вьетнам қызының америкалықтармен соғыстағы ерлігі, отансүйгіштігі таңқалдырып, оқырман ретінде баурап алған еді. Қаншама қыыншылықтарды басынан өткізсе де, қалын соғыс өртінің ішінде жүріп дәрігерлік міндептіне адалдық танытқан, жарақаттанған сарбаздардың жарасына шипа іздеген вьетнамдық қайсар қыздың құнделігі болатын ол.

Данг Тхюи Чам американцытардың басқыншылығы салдарынан елінде болып жатқан соғысқа қатыспауы да мүмкін еді. Бірақ ол отаны мен халқын басқыншылардан азат етуді өзіне міндеп түсінді. Құні кеше ғана медициналық институтты бітірген қызы соғысқа аттанып бірнеше жыл қан майданда жүріп халқының ауырхалгетүскенін көріп жүргегі ауырды. Жас қыздың отансүйгіштігі мен өз кесібіне ұқыпты әрі адаболуының арқасында ол көптеген замандастарының арасында беделді болды. Ерлікпен қаза тапты.

Данг Тхюи Чамның өмірі мен ерлігі тек бүгінгі Вьетнамның өскелен ұпақтарына ғана емес, жалпы дүниежүзі жастарына да үлгі боларлықтай. Оның мына құнделік жазбаларынан Отанын жанынан артық сүйгендігін, халқы мен ата-бабаларынан мұра болып қалған қасиетті жерін азат ету үшін құрбандыққа

да баруға дайын болғандығын жүргегінде мейірім шапағаты бар адамның көзге жас алмай оқып шығуы мүмкін емес. Сондықтан елінің тәуелсіздігі мен егеменділігі үшін жас өмірін қиған батыр, қаһарман қыздың өмірі оқырмандарды бей-жай қалдырмайды деп білемін.

Жау қолына тұскен оның осы қунделігі тек араға біраз жылдар өткенде ғана жарық көріп, көптеген әлем тілдеріне аударылды.

Екінші рет 2015 жылдың наурыз айында кезінде елін америка басқыншыларынан азат ету соғысына белсенді түрде қатысқан жауынгер, бүгінде сол елдің ең мықты ақындарының бірі, жазушылар одағының төрағасы Хыу Тхинь мырзаның арнайы шақыруымен дүниежүзілік халықаралық әдебиет пен поэзия фестиваліне қатыстым.

Вьетнам жазушылар одағының үйымдастыруымен әрі қолдауымен Данг Тхюи Чамның анасы Зоан Нгок Чаммен әрі сіңілісі Фыонг Чаммен кездесудің сәті түсті. Тоқсанның төртеуіне келген, басынан көп қыншылықтарды өткізген ана маған әлі тың әрі тағдырыдың тәлкегін үлкен сеніммен және төзімділікпен жеңе білген парасатты жан болып көрінді.

Қадірлі де қасиетті, жаны нәзік, сүйіспеншілігі мол, кешірімді рұх пен елжіреген жүрек иесі аналарымыз жұмыр жердің қай бұрышында да сол баяғы тілеуінді тілеп жүретін айналайын ана ғой. Зоан Нгок Чам анамыздың алдында басымды иіп Данг Тхюи Чам сияқты қайсар да батыр, отансүйгіш қызды дүниеге әкелгеніне ризашылығым мен жылы ілтипатымды білдірдім.

Енді, міне, орыс тілінде жарық көрген кітапты өз тілімізге аударып сіздердің назарларыныңға ұсынып отырмын.

Сөз соңын қазақтың талантты астаналық ақиық ақыны, журналист, аудармашы Аманкелді Жұмабек-тің 1968 жылы Вьетнам жерінде соғыстың қайнап жатқан кезінде жазылған өлеңімен тәмамдағанды жөн көріп отырмын.

## **Сенімен біргеміз, Вьетнам!**

Планета!

Тарылды тағы да тынысын,

Бұзылды тынышың.

Вьетнам соғыстың өртіне оранды:

не үшін, кім үшін...

Бүгіннен ертеңгі нұрлышарақ күні үшін,

Азақтық көксеген арманды үні үшін.

Тұтінге көмілді ақ сүттей таңғы әлем,

жұмыр жер пұшпағы.

Ержүрек халықты жасытпақ бомбамен

жауыққан дұшпаны.

Бірақ ол білмейді:

ажалғып құсқаны –

өз басын жалмауы, бағының үшқаны!

Тамыры тереңге көмілген мықты емен –

ер халық бұқпайды.

Қаһарман ұл-қызы ел сенім жүктеген  
туларын жықпайды.

АШҚ-та шықпайды жерінен діттеген,  
Вьетнам жеңеді тізесін бүкпеген.

«Зұлымдық – бұл соғыс, тылсын, тоқтасын!» –  
Адамзат талабы

үстем боп  
адамды адамдар атпасын!

Жұмыр жер алабы  
Молаға айналып, қан жұтып жатпасын.  
Агрессор, бұр келген жағыңа ат басын!

Аждаһа көмейі тәккесін бар уын  
оқ етіп атқасын,  
ұрғасын сөйлетіп қолда бар қаруын  
Вьетнам қақпасын  
ызадан жарылмай, қарылмай отқа шын  
кім шыдап отырмақ ойран ғып отбасын.

«Құлышын» жоқтаған бір ана қаралы  
зарласа алыста,  
өлшеусіз толтырса жүрегін жаралы  
запыран қарғысқа.  
«Соғысқа жол жоқ! – деп үкімін саралы  
айтатын ақ шашты аналар бар әлі.

Бейбіт күн қадірін нақ солар біледі  
ұлдарын құшпаған.  
Жол тосып сарғайған, жүдеген гүл өні,  
қан ғана құспаған.

Өрт шалған ұясын қарлығаш – жүргегі  
тыныштық таппастан шырылдап жүреді.

Кім құштар естуге жылауды, айғайды...  
Оларға кім демеу?!

Соғыстың дүмпуі жүйкеде ойнайды...  
Мүмкін бе үндемеу.

Тұтанған ашу-кең қан болып қайнайды,  
жанарда жарқылдап, шоқ болып жайнайды.  
Адамдар ойлайтын планета тынышын  
қаскөйден қалайды  
қынапқа салуын суырған қылышын.  
Қантөгіс талайды  
қор етіп таптаған, тарылтқан тынысын.  
Ендеше Вьетнам жерінің бұрышын  
жауына таптатпау менің де жұмысым.

1968 жыл.

Академик **Бақытқожа Рұстемов**,  
Қазақстан журналистер одагының мүшесі, Еуропа әдебиетшілері Конгресінің мүшесі, Борис Гринченко атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты (Украина),  
Халықаралық орыс поэзиясы мен әдебиеті конкурсының  
төраалқа мүшесі (Белоруссия), еki дүркін Дүниежүзілік  
интеллектуальдық конкурсының жеңімпазы (Қытай).



## *Ресей оқырмандарына*

2005 жылдың қыркүйек айында кезекті рет Мәскеуден Вьетнамга оралдым. Ұзак ұшу кезінде оқуға арналған кітаптарым жүкке тапсырылған жол сандықтың ішінде қалған болып шықты. Сол мезетте мен стюардессаның креслога жайлы орналасып, түнгі жарық шамын қосып, бір кітапты қызығушылықпен оқып жатқанын көрдім. Жарты сағат өткен соң, ол жолаушыларға кешкі тاماқты дайындауга кірісті. Сол уақытта оқу қызығушылығымды қалай да болсын қандыру мақсатымен мен одан кітапты сұрап алдым. Кітаптың қызығына кіргенім соншалық, ұшақтың Ханойга қонғанына дейінгі бар уақытта мен кітаптан басымды көтере алмай, оқығанымнан қатты таңданып кітаптың соңғы бетін жаптым.

Бұл американдық басқыншылыққа Қарсыласу согысында ерлікпен қаза болған Данг Тхюи Чамның «Согыстағы дәрігердің күнделігі» атты кітабы болатын. Қайырымсыз согыс туралы өзінің қатал ақиқатыменен ол мыңдаған вьетнамдық оқырмандардың жүректерін жаулап алды.

«Күнделік» авторының телефон нөмері мен мекен жайын білу үшін, мен Ханойда бірден Выонг Чи Няну, кітаптың вьетнамдық басылымына алғысөз жазған

әдебиет сыншысымен хабарластым. Және сол күні кешке өзімнің бұрынғы үстазым және белгілі ақын Ву Куанг Фыонгпен бірге батыр-дәрігер ана – Данг Тхюо Чамның үйіне келдім.

Данг Тхюо Чамның кітабын әр адам өзінше қабылдайды, барлығы дерлік жас пен білім деңгейіне байланысты. Бірақ барлық оқырмандарды согыста өзінің қызын жұмысын атқарған әйел-дәрігердің шексіз қайсаrlығына, қаһармандығына деген құрмет пен вьетнамдық жауынгердің кейпіне таңданыс сезімі ортақтастыратынына сенімдімін.

Вьетнам халқының патриоттық согысы шынайы сезім танытып, жогары мұраттар артынан ерген, өзін-өзі құрбан қылуға дайын, бар күштері мен қамқорлығын майдандастарына жұмсаган біртұтас адамдар буынын қалыптастырғандығы азы шындық.

Өзінің күнделігінде әйел-дәрігер қатал согыс жағдайында кеңес халқы мен Павел Корчагин секілді, оның батырларын әлденеше рет есіне алады. Оның жазбаларында жарқын, бейбіт болашаққа сенім мен оптимизм бар және бұл сезімдерді Данг Тхюо Чам Кеңес Одағында ешқашан болмаса да, орыс және кеңес әдебиеттерінен қабылдаганы шубәсіз.

Ұлы Отан согысы жылдары өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Александр Матросов, Зоя Космодемьянская, Әлия Молдагұлова және мыңдаған басқа кеңес жауынгерлері сияқты, ол да қаһармандықпен қаза тапты.

Данг Тхюо Чамның отбасымен қоштасып, мен оның күнделігінің орыс тілінде басылышына бар күшімді

салатынымды айтқан болатынмын. Алайда ұзак уақыт бұл ниетімді түрлі обьективтік себептердің салдарымен іске асыра алмадым, бірақ әрекет етуімді тоқтатқаным жоқ, себебі мен қаза болған батырлардың рухына бағышталған уәдемді орындауды керек еді. Ақырында көп күткен сондай бақытты қүн де туды. Мәскеудегі «Тханглонг» въетнамдық тігін кәсіпкерлері Клубының мүшелерімен іскерлік кездесуде, мен олардың «Данг Тхюи Чамның күнделігін» оқып, отандасының ұлы батырлығымен таңданғандығын білдім, сондықтан да Ресей оқырмандарының осы гажайып туындымен танысу үшін, олар маган бұл кітапты орыс тілінде басып шыгаруға көмек беруге әзір екендерін білдірді. Олар осы жобага демеушілік көрсетуге келісіп, туындыны орыс тіліне аударуға байланысты барлық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді өтінді.

Данг Тхюи Чам өз күнделігін тек өзі үшін жазған, және оның жариялануы мүмкін екендігі туралы ешқашан да ойламаған. Ол ауыр хирургиялық операциялардан кейін шаршаганын сезініп, бомбалар мен снарядтардан баспанада жасырынып, қарапайым кітапшадәптершелерде жазбаларын жазды. Ол керосин шамының күңгірт жарығы, әскери жорық уақытында аялдау кезінде жазбаларын жазды. Оны жаралылардың азабына ортақтаса отырып, өзінің отандастарының қазасына ауыр күйзелісті сезініп жазды.

Оның күнделігі ешқашан да редакцияланған емес және тұтас қалпында сақталған. Және қазір ол біздің ұрпақтың игілігіне айналды, XXI ғасырга аяқ басқан,

жер бетінде бейбітшілікті сүйеттің және соғыстың жек көретін, адамдар ұрпағы үшін құнделікті қажет кітапқа айналды.

«Соғыстагы дәрігердің құнделігін» орысша аударып басуға дайындықпен мен өзімнің әріптестерім филологтар Анатолий Алексеевич Соколов және Ле Ван Нянмен бірге айналыстым. Біз американ басқыншыларына қарсы Қарсыласу соғысының батырлары, Данг Тхюи Чамның отбасының бізге жүктеген жоғары жауапкершілігін сезініп, жігерленіп, қызығушылықпен және үлкен ынтыман жұмыс істедік. Бұл шыгарманы аудару қазіргі оқырмандарга ХХ ғасырдың ауыр соғыстарының бірі кезінде өзінің батыл буынын білдірген, соғыстагы жас әйел-дәрігердің сезімі мен ойын жеткізуі білдіру болып табылады.

Біз осы жауапты міндетті абыроимен орындау үшін барлық қүш-жігерімізді арнадық. Қазір сіздер қолдарыңызда ұстап отырған кітап, тек баспа басылымы гана емес, ол қаза тапқан батырлар туралы біздің естелігіміз. Бұл кітап сіздерді біздің елге, өзінің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін үш он жылдық бойы күрескен халқымыздың сұрапыл соғыс жылдарына, Вьетнамга апарады. Сол соғыста Вьетнам жеңіске жетті, оның себебі, біздің елде дәрігер Данг Тхюи Чам секілді тамаша адамдардың бар болғандығы. Және де осының бәрін кітапты оқығаннан кейін сезінсеңіз, біз бақытты боламыз, демек біздің еңбегіміздің еш болмаганы.

«Соғыстагы дәрігердің құнделігі» әлемнің 18 тіліне аударылып, көптеген елдердің оқырмандары жылы

қабылдады. Халықаралық кинофестивальдарда көрсетіліп, көрермендерге терең эмоционалдық әсер қалдырыған осы кітаптың желісі негізінде, «Бұл күнделікті өртемендер» атты көркем фильм түсірілген болатын.

КСРО ыдырағаннан кейін екі он жылдыққа жуық уақыт бойы орыс тілінде бір де бір вьетнамдық көркем әдебиет туындысы шықлады, вьетнамдық авторлардың кітаптары дүкендер мен кітапхана сөрелерінен жоқ болып кетуге шақ қалды. «Соғыстагы дәрігердің күнделігі» атты Данг Тхюи Чамның орыс тіліндегі басылымы ресейлік оқырмандарга вьетнам әдебиетінің қайта оралу көпірін ашады деп үміттенемін.

Нгуен Хыу Хоанг<sup>1</sup>

---

<sup>1</sup> Нгуен Хыу Хоанг – әдебиетші, аудармашы, филология гылыми миңиң кандидаты.

## **Адам жүрегі туралы аңыз**

2005 жылдың 25 сәуірінде мені қатты толқытқан, Ханойдағы бір квакерлік ұйымның өкілдігінен кенет маған қоңырау шалды. Менің соғыста қаза тапқан әпкем – дәрігер Данг Тхюи Чамның, біздің Тхюидің күнделіктерін сақтаған, қазір Ханойда жүрген әлдебір американцыңен кездесуге мүмкіндік бар екенін хабарлады.

Әпкем 1970 жылы Куангнгай майданында қаза тапты. Данг Тхюи Чамның жауынгерлік еңбегі туралы оның жеке ісінде айтылған – ол өте қысқа сипаттама-мен, екінші деңгейлі американцың басқыншылыққа қарсы Қарсыласу соғысының медалімен марапаттауға ұсынылды: дәрігер, майданда жауынгерлік іс-әрекеттер кезінде қаза тапты, жұмыс істеген кезеңі: 5 жыл, 3 ай және 5 күн.

Менің әпкемнің майдандастары одан қалған заттарын естелік үшін жіберді: оның ішінде бірнеше фотосуреттер, Солтүстік Вьетнамнан алған отбасының хаттары. Оның жолдастары да менің әпкем кішкентай кезінен бері дағдыланған әдеті бойынша күнделік жүргізгенін, жазалаушы операциялар кезінде сол қағаздардың жау қолында кеткенін айтқан болатын.

\* \* \*

Менің үйімде қонырау шалудың алдында нақты оқиға болған: 2005 жылдың наурыз айының екінші онкүндігінде Лаббок қаласындағы Техас технологиялық университеті жанынан Вьетнамдық орталықта жыл сайын ұйымдастыратын вьетнамдық соғыс туралы кезекті халықаралық конференция болып өтті. Ол көптеген адамдардың қатысуымен өтті. Конференция барысында Вьетнамдағы соғыстың түрлі қырлары талқыланды. Атап айтқанда, жиналған қауымның назарына, Роберттің Вьетнам соғысы жылдарындағы қызметі кезінде тапқан, ДВР-ның әскери дәрігері, вьетнамдық қыздың құнделігі турали, Фредерик Уайтхёрст<sup>1</sup> және Роберт Уайтхёрсттың<sup>2</sup> баяндамасы ұсынылды. Бұл хабарлама конференцияға қатысушалардың ішінде қатты қызығушылық тудырды. Ағайынды Уайтхёрстер күнделіктің оқиғасын – оның олардың қолына түскен кезеңінен, оны Лаббоккадағы Вьетнамдық архивқа сыйға тарту шешімін қабылдаған уақытқа дейінгі жайларды айттып берді. Күнделіктің кейбір беттері, адамдарға деген махаббатқа, және де бейбітшілікке деген үмітке толы сөздері оқылды – Роберт оларды ағылшын тіліне аударды.

Ағайынды Уайтхёрсттердің баяндамасы қызықты пікірталас тудырды. Баяндамашыларға көптеген

---

<sup>1</sup> *Фредерик Уайтхёрст (Frederic Whitehurst) – құқық докторының ғылыми дәрежесінің негері және химия ғылымдарының докторы. Қонарғылғыш заттар бойынша бұрынғы жоғары қызметтің маманы. (ФТБ)*

<sup>2</sup> *Роберт Уайтхёрст (Robert Whitehurst) – алыс сапареда жузғапитаны, мүсіндеу ғылыми дәрежесінің негері. Фредерик Уайтхёрсттың үлкен ағасы.*

сұрақтар қойылып, Фредке жиналғандардың жалпы ұсынысы айтылды – қаза болған дәрігер-әйелдің отбасын іздең табу.

Конференцияға қатысушылардың бірі болған – журналист Тэд Энгельманн<sup>1</sup>, үш күн өткеннен кейін, Вьетнамға жол жүрді. Ханойда ол жергілікті квакерлік үйымның қызметкерінен дәрігер Данг Тхюи Чамның отбасын іздең табуға көмектесуін өтінді. Журналисттің өтініші қабыл алынды. Құнделіктегі кейбір жанама айғақтар бойынша іздеуге қатысушылар Донганға дейін жетті, онда менің әкем шамамен елу бес жыл бұрын жұмыс істеді, ал ол жерде оның сол жылдардағы жалғыз әріптесін табуға мүмкіндік туды. Алайда, ол кісінің 2000 жылы зейнетке шыққаны анықталды. Донгандағы аурухана әкімшілігі, біздің отбасымыздың мекен-жайы туралы, мүмкін бірдене білу үшін, өзінің қызметкерін менің әкемнің туған ауылына іссапарға арнайы жіберді. Кейін Тэд, менің анам зейнетке шыққанға дейін, 20 жыл бұрын еңбек еткен Ханойдағы Фармацевтикалық институтқа барды. Мейірімді жүректер – олар қаншама десенші! – олар бір-біріне хабар жеткізіп, соңында Тэдке менің отбасымды тауып, осыдан 35 жыл бұрын жас қызы-дәрігер өзінің өте маңызды ойлары мен сезімдерін сеніп тапсырған – құнделік бар ықшам дискіні беруге көмектесті.

---

<sup>1</sup> Тэд Энгельманн (*Ted Engelmann*) – фотожурналист-документалист, таулетсіз зерттеуші. Вьетнам, Австралия, Оңтүстік Корея және АҚШ – торт мемлекеттегі соғыстан кейінгі уақыт ықпалы туралы кітап-фотоальбомы бойынша жұмыс істеу кезінде Вьетнамда алденеше рет болған. Ол осы кітап бойынша жұмысын 1968 жылдың бастап, 2005 жылдың 30 сәуіріне – Оңтүстік Вьетнамның азаттығына 30 жыл толуына орай аяқтауды қөздейген болатын.

Біраз уақыт өте келе мен ағайынды Уайтхёрстдерден хат ала бастадым. Олар көптеген айлар бойы біздің отбасымызды іздең Вьетнамды шарлағандарын айтты. Кей кездері олар табысқа еш үміт жоқ деп сенді. Олар өздерінің өлімінен кейін менің әпкемнің екі құнделігі де түрлі қағаздар мен құжаттардың арасында қалып, оларды ешкім де білмей, лақтырып жіберуі мүмкін, олар тозып немесе жоғалып кетуі мүмкін деп қорқатын. Ағайындылар маған біздің отбасымызды табуға сенімдерін жоғалтқан кезде, Ханойдың коммунист, жас әйел-дәрігердің қалай өмір сүріп және қаза болғаны туралы бүкіл әлем білуі үшін, екі құнделікті де жеке кітап қылып басу ойларына келгенін айтып берді. Олар осы кітаптың арқасында менің дәрігер-әпкемнің жолын жалғастыруышылар көп болады деп сенді. Шарасыздықтан, не істерлерін білмей екі құнделікті де Лаббок қаласындағы Техас технологиялық университетіндегі Вьетнам мұрағатына сыйға берген, онда құнделіктер олардың үйлеріне қарағанда аса қолайлы жағдайда сақталып, күтілетін еді.

Міне, маған Фред Уайтхёрст жолдаған алғашқы хат.  
«Жұма. 2005 жылдың 29 сәуірі.

*Мен, Фредерик Уайтхёрст, дәрігер Данг Тхюи Чам туралы естелікті 35 жыл сақтадым. Мен таяуда танысқан Тэд Энгельманн, Сіздердің үйлеріңізде болғанын және қазір Сіздерде екі құнделіктің және фотосуреттердің көшірмесі бар екенін айтып берді. Менің Сіздерге, Сіздің отбасыңызга және әсіресе Сіздердің аналарыңызга айтарым көп. Көп жылғы іздеуден кейін бұл түс сияқты, қазір Сіздердің отбасыларыңызды іздең тапқан кезде, мен жылап жіберуге дайынмын. Анасы сан айлар мен жылдар бойы-*

на қызының қалай өмір сүргенін, елі батыр-дәрігер Данг Тхюи Чам туралы білуі тиіс. Меніңше бәрі де ойдағыда болуда және ол Сіздердің аналарының өзінің қызының күнделігін дәл елінің азат болған 30 жыл то-луы мерейтойна орай алуы тиіс... ».

\* \* \*

Фредерик Уайтхёрст (әдетте мені Фред деп атайды) 1969 жылдан бастап 1971 жылдар аралығында Куангнгай провинциясында Дыкфо майданында әскери іс-әрекеттерге АҚШ әскери барлау офицері ретінде қатысқан. Оның соғыстағы міндетіне: әскерилерге қажет жағдайды талдап, Азаттық армиясының бөлімшелері орналасқан жерді ізdep, кенет шабуылдар мен жазалау операцияларын жүргізу үшін бағдар беруге ақпараттар мен материалдар жинау кірді. Бұл міндеттер Фредке соғыстың барысын тікелей бақылауға, вьетнам және американдық тараптардан кеткен көп шығындарды өз көзімен көруге мүмкіндік берді. Фредтің айтуы бойынша, «Дыкфоның батыс бөлігінде орналасқан Нёнфыок деген кішкентай ауыл бомбамен түгелдей жойылды, тұрғындарының біреуі де тірі қалмады» (2006 жылдың 5 маусымындағы хат). Напалмды бомбаның жалынында жанған Тюлайдағы кішкентай балалар әлі оның есінде. Фред өзінің тікелей командирі-лейтенанттың есінен ауысып кете жаздағанына қуәгер болды, себебі санитарлық командағы американдықтардың «әлде біреулердің қолдарын, біреулердің аяқтарын жинап, олардан өздерінің жолдастарын құрастырып, оларды табытқа салып АҚШ-қа жөнелткенін» көруге төзімі

жетпеді (2006 жылдың 4 маусымындағы хат). Бұл сурет Вьетнамнан келгеннен кейін көптеген жылдар бойы Фредтің есінен кетпеді.

Бірақ сол сұрапыл күндері Фред соғысты басқа да қырынан көрді.

«Вьетконг<sup>1</sup> қамалына» шабуылдан кейін, зеңбіректер тынышталғасын, Фредтің бөлімшесі қолайлы орныққаннан кейін, оның кішкентай аурухана екені белгілі болды. Көптеген барак құрылыштары, көптеген палаталар, және бір әскери-далада ота жасау палатасы, олардың аурухана палаталары екені түсінікті болды. Аурухананың барлық мекендеушілері американдық әскери бөлімше келерден бұрын асығыс кеткені және өздерімен құжаттамаларды алып кетуге үлгермегені сезілді.

Американдық армия командованиеисінің бүйрығы бойынша ұрыс орындарында табылған қарсыластың барлық материалдары, оны алда зерттеу үшін әскери барлау бөлімшесіне тапсырылуы тиіс. Сол күні Фред көп материал жинады. Вьетнамдық аудармашылармен бірге ол әскери қызмет үшін құндылығы барларын таңдап, оларды ірікtedі, ал қалғанын отқа жақты.

Бөлімше аудармашысы кіші сержант Нгуен Чунг Хиеу қолында кішкене қойын дәптермен оған жақындағанда Фред отқа керек емес қағаздарды тастанап жатқан еді. «Фред, мына қойын кітапты отқа тастаудың қажеті жоқ, мұнда онсыз да от өршеленуде», – деді ол. Фред не қойын кітапша екенін түсінбеді, бірақ Хиеудің

---

<sup>1</sup> Вьетконг (Viêt Cōng дәлме-дәл: ветнам коммунист) – Батыстағы ұлттық азат ету күштерін солай атады.

абыржыған түрі және оның дүшпанның затына құрметпен қарауы американдыққа әсер етті, ол қойын кітапты қалтасына жасырды.

Фред пен Хиев қөп түндерді қойын кітапшаны бірлесіп оқумен өткізді. Ол Фредтің бөлімшесі оларға қарсы жазалау операциясын жүргізген, кіші аурухана-ны басқарған, вьетконгтік дәрігер-әйелдің құнделігі болатын. Әріптерді қатты еңкейтіп жазғандығы жазудың – құнделік авторының әйел екенін білдіретін. Хиев әйел әлі жас, оның екі жыл бұрын Дыкфоға Ханойдан жұмысқа келгенде небәрі 26 жасқа келгенін айтқанда, Фредтің одан бетер қызығушылығын тудырды.

Бірнеше айдан кейін Фредке әйел-дәрігердің екінші құнделігін алу бұйырды, оны да Хиев әкелді. Нгуен Чунг Хиедің параптан аударған, сөздердің шамалап берілген мағынасы екеніне қарамастан, ынтық, жалынды жолдар Фредке әсер етті. Бұл сөздер американ армиясына деген өшпенділікпен тыныстады. Бірақ оны махаббат пен үміт туралы айтылған жолдар қатты таң қалдырды. Ол осы сезімдердің қайнар көзі қайда, жас қыз әскери іс-әрекеттерден кейін алаңда снарядтар мен бомбалардың жарылышынан тұнатын қалың тұманға қарамастан айналадан өмірдің сұлулығын қалай көре алғанын түсіне алмады. Ол американдық әскер тап оның артында болғанда, айналадан өмірдің нәзік симфониясын қалай ести алды?

1972 жылы Фред Вьетнамды тастап, АҚШ-қа оралды. Оның шабаданында соғыстың таңбасымен белгіленген, кәдесыйлар болды: дәрігер-әйелдің екі құнделігі және Куангнгай провинциясы тұрғындарының 50-ден астам фотосуреттері. Суреттер қайтқан корреспондент-вьетконгтің денесінде жатқан, оқпен тесілген «Canon» фотоаппаратымен жасалған. Шабаданда өлген қарт